



## Баспасөз хабарламасы

Алматы қ.

2019 жылдың 29 наурызы

### **KASE "Биржалық симулятор" атты білім беру жобасы аясында студенттер арасында білім беру жобасының салтанатын өткізді**

2019 жылдың 29 наурызында жастардың қор нарығы туралы қаржылық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ қор нарығында тәжірибелік дағдыларға үйретуге, инвестициялауға бағытталған, студенттік жоба KASE "Биржалық симулятор" ашылу салтанаты болды.

Соңғы бірнеше жыл бойы Global Money Week жоба жастар мен балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша әлемдік жахандық бағдарлама аясында өткізіледі, оған әлемнің 130 елі қосылған.

Жоба 11 жыл қатарынан өткізілуде. Студент жастардың "Биржалық симуляторға" қызығушылығы жылдан жылға арта түсуде – жоба тарихында оған 80 Қазақстан жоғарғы оқу орындарынан, таяу және алыс шет елдерден 6 000 астам студент қатысты.

Қазақстан қор биржасында "Биржалық симулятор" жобасы аясында 2019 жылдың 01 сәуірінде астана уақытымен сағат 09:00 –де басталады. Жоба бір айға созылады және 2019 жылдың 30 сәуірінде аяқталады.

Конкурстың студенттер мен мұғалімдердің қор нарығын түсінуге ғана емес, олардың тағылымдамадан өтуіне, жұмысқа тұруына ықпалы зор екендігін тәжірибе көрсетті.

Өз кезегінде, серіктес компаниялар мен жоба қатысушылары үшін өздерінің қатарына талдау қабілеті бар және биржалық симуляторда инвестициялау тәжірибесі бар жас қызметкерлерді алу мүмкіндігін береді.

Конкурсқа әр жылдары қаржы секторының 10 астам компаниялары, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігі қолдау көрсетті.

### **Анықтама үшін**

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып есептеледі.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, биржа БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)